

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 173 (9235) | 1953 жылғы 29 август Сенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын

Астық ысырабына жол берілмесін

Көзір облысымыздың барлық егіншілерінің алдында тұрған өте жауапты және аса құрметті міндет — колхоздар мен совхоздарда бізге өсірілген егінді ешқандай ысырапқа ұшыратпай асық мерзімде жыйнап алу, мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық тапсыру жоспарын әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық және артығымен орындау. Сонымен қатар колхоздарда МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеуді тыңғылықты ұйымдастырып, оны ойдағыдай аяқтау.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында бұл жауапты міндеттерді аброймен орындап шығуға керекті мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Демек, оларда быыл егін бітік өсірілді, егіннің пісіп жетілуі де жақсы. Колхоздар мен совхоздардың қайсысында болса да егінді жыйнайтын, астықты бастыратын, оны тазалайтын және тазартылған астықты қоймаларға тасыйтын машина, көлік күштері де жеткілікті. Әңгіме тек бұл жұмыстарға осы мүмкіншіліктерді сарқа пайдалануға білуде.

Алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздарда қолда бар мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана отырып, егін жыйнау мен астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын айтарлықтай орындап келеді. Бұлардың қатарына Киров атындағы совхозы және Преснов ауданындағы Сталин атындағы, Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы колхоздарды қосуға болады. Аталған совхоз бен колхоздар мемлекетке астық тапсыру жоспарын облыста бірінші болып орындап шықты.

Бұл совхоз бен колхоздар мұндай зор табысқа техника қуатын, көлік күшін сарқа пайдалана білудің, егін жыйнау мен астық дайындауға бүкіл колхозшылар мен совхоз коллективін жұмылдырудың, егіс бригадалары мен комбайн агрегаттарында еңбекті дұрыс ұйымдастырудың және астық ысырабына жол бермеудің нәтижесінде жетіп отыр. Бұл күндері аталған совхоз бен колхоздарда мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру кең өріс алуда.

Астық ысырабына қарсы күрес Сталин атындағы және «Луч Ленина» колхоздарында да (Петропавл ауданы) ойдағыдай ұйымдастырылған. Бұл жаһінде Сталин атындағы колхоздағы комбайншы Социалистік Еңбек Ері Х. Шварц жолдас пен «Луч Ленина» колхозындағы көк орденді комбайншы М. Ким жолдастың үлгілі еңбектерін айтуға болады. Шварц және Ким

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» және «Жизнь» колхоздарында да көп астық ашық қырманда әр жерде тау-төбе болып үйіліп тұр. «Путь к коммунизму» колхозының бір қырманнағана 3100 центнер астық тазартылмай жатыр. Бұл колхозда бірсыпыра астық көзінде шөждетіліп, тазартылмағандықтан қыза бастаған. «Жизнь» колхозында комбайндардың толық жабықталмағандығынан астықтың ысырап болуына жол берілуде. Не пайда, осы жағдайларды колхоз басқармалары және олардағы бастауыш партия ұйымдары жақсы біледі. Солай бола тұрса да, олар бұл сыяқты әлеулі кемшіліктерді жою мәселесімен шұғылданбай келеді.

Астық ысырабына қарсы күрес тек колхоздар мен совхоздардың егіс даласында ғана жүргізілуге тиісті емес. Сонымен бірге астық ысырабына қарсы күресіміз колхоз, совхоз және мемлекет қоймаларына астық тасушылар да жүргізуге тиіс. Дегенмен, кейбір жерлерде бұл міндет орындалмай келеді. Мәселен, № 2 Петропавл авторатасының басшылары астық тасыйтын жүк автомашиналарын тыңғылықты жабықтамаған, машиналардың жәшіктерін жөндеу ісіне жауапсыз қараған. Мұның ақыры неге әкеліп соғып отыр? Мұның алдыры колхоздардың егіс даласына қоймаларға астық тасып жүрген машиналардан жол-жөнекей астықтың шашылуына әкеліп соғып отыр. Колхоз басшылары жүк автомашиналарын тыңғылықты жабықтауды авторатаның бастығы Мочалкин жолдастан талап рет талап етті. Бірақ, Мочалкин жолдас бұл сыяқты орынды талапқа мән бермей келеді.

Міндет — егінді ысырапсыз жыйнау, сөйтіп, мемлекетке астық тапсыру, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу қарқынын өселеп арттырып, бұл міндеттерді мүлтіксіз орындап шығу. Ал, бұл міндеттерді орындауды әрбір егіншінің, оның ішінде, әсіресе, комбайншылардың өз жұмыстарына жауаптылықпен қарап, егін ысырабына жол бермеулеріне тікелей байланысты. Егін ысырабына жол бермеу — колхоздар мен совхоздарда астықтың молшылығын жасауды, мемлекет алдындағы борыштарды аброймен өтеуді қамтамасыз етеді деген сөз. Мұның өзі әрбір егіншінің социалистік Отанымыздың күш-қуатын онан сайын арттыра беруге қосқан зор үлесі болып табылады.

Егін жыйнау мен астық дайындау

Егін жыйнау мен астық дайындаудың озаттарына теңелейік!

АСТЫҚТЫ АЛҚАП

Таңертеңгі кезде күн бұлттау еді. Солтүстік жақтан қоңыр салқын жел есіп, әбсәтте бұлтты ыдыратып жіберді. Село үстіне сіркіреп жауан өткіңші жауыннан кейін аспан шайдай ашылып, күн қызуын айналаға төге бастады. Біз аудан орталығынан шығып, күнің бағысына қарай тура жүріп келеміз. Селодан шыға бере алдымыздан қалың орман көрінді. Жол осы орманды қақ жарып өтеді екен. Міне, машина орманнан өтіп кен алқаппен жүйіктің келе жатыр. Жолдың екі жағы да теңіздей толқыған егін. Емің-еркін жазылған алқаптағы егіннің ол шеті мен бұл шетіне көз жеткізін болар емес.

—Бұл қай колхоздың егіні, — деп сұрадық қасымыздағы шофердан.
—Сідер баратын «Ігілік» колхозының егіні осы, — деді ол, астықты кең алқапқа көз жіберсе. —Колхоз егіннің көбі осы өңірде. Ілгері жүре түссек, жақсы егінді сонда көреміз.

—Колхоз орталығы әлі алыста ма?
—Ол бұл арадан едәуір жер. Ал, астық қырманнаға көзір-ақ барамыз, — деді шофер бізге.

Алдымыздан тағы да орман кез болды. Оған жақындай бергенімізде жол екі айырылды. Жолдың бірі ағаш арасымен тура кетті де, екіншісі орманды жағалап, оңға қарай бұрылды. Ол жағымыз толқын піскен егін. Піскен егін сабақтары бастарына көтере алмай ілініп тұр. Баюу ескен сәмал желге ол өрең толқын, қозғалады.

Колхоз бұл өңірдегі егіннің біразын жыйнап та алыпты. Егіннің комбайнмен жыйналып жатқаны бірден-ақ көрініп тұр. Қыр көмесі егінді төкпей-шашпай жыйнап кеткен. Оның сабаны біржола шөмелденген. Егін орнына ысырап болған бірде бір дән көре алмайсың.

Қырман ағаш бауырына орналасқан екен. Оған таяу жерде дала қосы тұр. Бір топ қыз-кейіншектер қостан шығып, қырманға қарай келе жатыр. Бұлар келе-сала еңбекке қызу араласты. Ол кезде қырман жұмысы тоқтамай жүріп жатыр еді. Колхозшылар жұмысты күн ұзаққа бір тоқтатпай жүргізеді екен. Түскі, көш-

Егінді ысырапсыз жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық және артығымен орындау — облыс егіншілеріне үлкен сын. Міндет — осы сыннан мүдірмей өтуде.

төбе болып үйілген астықты лезде тазалап та үлгерді.

—Машинаға астық салып тұрған кімдер, олар жұмысты күнде осылай істей ме, — деп сұрадық қырман меңгерушісі Қайыржан Нұрмолдиннен.

—Машинада жұмыс істейтін адамдарды білгілеріңіз келе ме?
—Я.

—Оның біреуі, — егін жыйнау басталғалы зернопультті бір минут та тоқтатпай жүргізуші Қосый Таусұлтанов. Анау тазартылып үйілген астық әуелі соның өңіреті. Ол машинаның тетігін бос саусағындай біледі, іскер адам. Зернопультке астық салып, оның тазартқан астығын бір-бірлайлап үйіп тұрғандар — колхоздың таңдаулылары: Назира Омарова, Балкеш Шағатаева, Құлбән Рабдуллаева, Жамал Сыздықова. Еңбектің озаттары да, алтын астықтың иелері де осылар.

—Осыныма астық зернопультпен тазартылды ма?
—Я, зернопультпен.

—Осымен күніне қанша астық тазартуға болады?
—300-350 центнер.

Біздің қырман меңгерушімен әңгімемізді егіншілердің «астық алуға тағы да машина келіп қалды» деген дауыстары бөліп жіберді. Машина бірден ақталған астық үйілген жерге келіп тоқтады. Дән тазалаудағы адамдардан басқаның бәрі машинаға астық тиеуге келді. Олардың біреулері астықты тез өлшеп, екіншілері астықты машинаға тиен жатыр. Айналағы 10-15 минут ішінде машина астықты тиен алып, қабылдау пунктіне жөнелді.

Астық арқаңдардың ішінде Жамал Сыздықованың еңбегі бізді таң қалдырды. Мана астық тазартуда да оның ісіне біз сүйсінген едік. Қырман меңгерушісі машина келгенде оны астық тиеуге жіберді. Ол мұнда да аянбай еңбек істеп, кезге түсті. Оның еңбегіне разы болған жолдасым:

—Сіз бір дән алып, тыңғуды ойламайды екенсіз, — деді қалжыңдап.

—Көзір бір минут қалып бөсе жұмыс

бердік. Еңбегіміз бен игілі табысымыздың бәрі өзіміздің жарқын тұрмысымыз үшін, сүйікті Отанымыздың көркейіп гүлдене беруі үшін! Ертең бұдан да жақсы еңбек етеміз. Бұл әлі аз. Көз жеткенге тоқмайласың біз емес.

—ССРО Жоғарғы Советінің қарарлары мен ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сөзі, ауылшаруашылығы салығын кеміту туралы Заң, — деді қырман меңгерушісі Қайыржан Нұрмолдин, — колхозшы шаруаларды зор қуанышқа бөледі. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің бұл қамқорлығына олардың әрқайсысы колхоз өндірісінде өнімді еңбек етуге міндеттеле алды. Мұны колхозшылар көзір мүлтіксіз орындап жүр.

Быылды колхозшылар бітік егін өсірді. Көзіркі уақытта оның әрбір гектарынан орта есеппен 10 центнерден өнім түсіп жатыр. Ал, кейбір участоктерден 15—20 центнерден өнім алынып отыр.

—Күн сайын қырманға комбайннан 300—400 центнер астық түседі, — деді Қайыржан одан әрі. — Біз оны қолма-қол тазартып, қабылдау пункттеріне жөнелтуге әзірлейміз. Көзір дайындау пункттеріне күніне 150—200 центнерден астық жөнелтіледі.

—Комбайншымыздың жүруі жақсы, — деді жаңа ғана егін басына келген № 1 егіс бригадасының бригадирі Бәтер Тастеміров, қырманнан 1—2 километрдей жердегі комбайндарды көрсетіп. —Егінді быыл мерзімінде жыйнап аламыз, астық тапсыру жоспарын да толық орындап шығамыз. Таңдаулы комбайншыларымыз ағайынды Қасен және Қажымұрат Арапхановтар тоғуіне 20—25 гектар аланның егінін жыйнап жүр. Егіншіміздің тез жыйналып, қырман да астығымыздың көп болуы комбайндарымыздың жақсы жұмыс істеуінен.

—Егіннен, — деді Қайыржан, — колхоз да, колхозшылар да көп пайда таппақ. Алғашқы алаштың өзінде колхозшылар әрбір гектарына 15 центнерден

Механикаландырылған қырман

Бөлімше коллективі быыл бітік егін өсірді. Көзіркі кезде жаздық бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 15 центнерден, сұлының әрбір гектарынан 20 центнерден өнім алынды. Коллектив мүшелері бітік өскен егінді ысырапсыз жыйнап алуға барлығын күш-мүмкіншіліктерді пайдалануда.

Бөлімшеде 10 «Сталинец-6» және 4 өзінің жүретін комбайн жұмыс істейді. Бұл комбайндар жұмысқа өнімді пайдаланылып жүр. Осының нәтижесінде комбайншылар күндік нормаларын үнемі артығымен орындайды. Комбайншы С. Бухановский жолдас «Сталинец-6» көк комбайнмен күніне 24 гектар орнына, 35-40 гектар егін жыйнайды.

Егін жыйнау маусымында негізгі жұмыстардың бірі бастырылған астықты тазалау, оны қабылдау пункттеріне үздіксіз жөнелтіп отыру болып есептеледі. Бөлімшеде бұл іске күнібұрын жете көңіл бөлінді. Қырмандағы күрделі жұмыстардың барлығы механикаландырылды. Мұның өзі бастырылған астықты тазарту, келтіру және оны машиналарға тиеу жұмыстарын тездетуге мүмкіндік берді.

Қырманда екі «зернопульт» жұмыс істейді. Бұдан басқа 3 вейлка мотордың күшімен жұмысқа қосылды.

Быылды автомашиналарға астықты тиеу жұмысы негізінен механикаландырылды.

Қырмандағы жұмысшылар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Олар механикаландырылған астық тазартқыштардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, күндік тапсырмаларын үнемі біржарым нормадан орындайды. Олардың қатарында А. Бондарь, М. Ильгунова, Двогладова жолдастар бар.

Бөлімше мемлекетке барлығы 17225 центнер астық тапсыруға тиіс болса, оған көзір 10 мың центнерден астам астық тапсырылды. Дайындау пункттеріне астық тасуда шоферлар А. Болекно, З. Двогладов және Н. Старина жолдастар қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

Бөлімше коллективі егін жыйнау және

жолдастар өз жұмыстарының техникасын толық меңгерген. Сондықтан олар комбайндарын тоқтаусыз жүргізумен бірге егіннің ешқандай ысырапқа ұшырауына жол бермейді. Агрегат мүшелерінің өз жұмысына ұқыпты болуын, сабақта тұрған егіннің комбайндардың хедерларына толық қамтылуын, барабандары және бункердегі астықтың шашылмауын қамтамасыз етуі қатаң талап етіп отырады. Міне, осы сияқты қажырлы еңбектің нәтижесінде бұл екі колхозда да астық ысырабы жоқ деуге болады.

Алайда, астық ысырабына қарсы күрес барлық жерде бірдей тығыздықты ұйымдастырылып отыр деп айта алмаймыз. Жекелеген колхоздар мен совхоздарда астықтың ысырапқа ұшырау фактілері әлі күнге дейін болып келеді. Бұған бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхозда комбайннан астықты алуға транспорт күші жеткілікті бөлінбеген. Осының салдарынан комбайншы бункерге астық толып қалған кезде, оны егін алаңына кез келген жерде төгіп кететін болған. Бұл колхозда осындай жолмен далада төгіліп жатқан астық 500 центнерден асады. Істің жайы осылай бола тұрса да, колхоз председатели Ырыспаев жолдас комбайндардан астық алуға транспорт күшіне әлі күнге жеткілікті бөлмей келеді.

Астықтың ысырабы осы ауданның «Шамия» колхозында да бар. Бұл колхоздағы комбайншылар өз міндетіне ұқыпсыз қарайды, сабақта тұрған егінді комбайндардың хедерларына толық қамтымайды, комбайнның астынан бидай түсіп жатады. Бірақ, осының барлығы комбайншылар мен колхоз басшыларына елеусіз мәселе сияқты көрінеді. Мұнда астықты тазалау және оны мемлекетке тапсыру жұмыстары мейлінше нашар. Колхоздың қырмандарында 3 мың центнердей астық тазартылмай, әр жерде шашылып жатыр.

Л. Н. Толстойдың туғанына 125 жыл толуына

Москвадағы Л. Н. Толстойдың Мемлекеттік музейі ұлы орыс жазушысының туғанына 125 жыл толуына әзірленуде.

Көзір музей үйін жөндеуден өткізу аяқталып келеді. Материалдарды орналастыру жаңадан жүргізілуде. «Толстой және орыс әдебиеті», «Толстой және орыс искусствосы», «Совет жазушылары Толстой туралы» деген тақырыптар кеңейтілуде. Сурет көрмелері жаңа материалдармен толықтырылған.

ҚАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ ҮШІН

УЖГОРОД. Закарпат колхоздарының бау-бақшаларында алма, жүзім, қара өрік өнімдерін жыйнау жүргізілуде. Елдің өнеркәсіп орталықтарының еңбекшілерін жабықтау үшін тұтынушылар кооперациясы ауылшаруашылық артельдерінен жемістерді көптеп сатып алуға арнаулы тоназытқыштары бар 10 ва-

гонмен Москваға қара өрік жөнелтілді. Август айында тұтынушылар кооперациясы қалаларға 1 мың тоннаға жуық жеміс жөнелтті. Киевке, Мурманскіге, Оралдың индустриялық орталықтарына жөнелту үшін алманың және волші жаңғағының ондаған мың тонналары әзірленуде.

Мереке күндерінде Л. Н. Толстойдың Мемлекеттік музейінің ғылыми Советінің мәжілісі өткізіледі. «Толстой—художник», «Толстой буржуазиялық мәдениет туралы» деген тақырыптарда баяндамалар оқылады. Музей искусство қызметкерлерінің орталық үйімен бірлесіп отырып, әдебиет-көркемөнер кешін ұйымдастырады. Онда искусство шеберлері Толстойдың шығармаларын және Толстойдың сүйетін музыкалық шығармаларын орындайды.

Астықтың ысырапқа ұшыратылмауы көбінесе комбайндардың толық жабықталуына, астық тасытын жүк автомашиналарының қажетті құралдармен қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Сондықтан МТС, совхоз басшылары мен транспорт орындарының басшылары бұл жұмысқа ерекше назар аударулары қажет. Егінді ысырапсыз жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық және артықпен орындау — облыс егіншілеріне үлкен сын. Міндет—осы сынан мүдірмей өтуде.

Мемлекеттік музейінің ғылыми Советінің мәжілісі өткізіледі. «Толстой—художник», «Толстой буржуазиялық мәдениет туралы» деген тақырыптарда баяндамалар оқылады. Музей искусство қызметкерлерінің орталық үйімен бірлесіп отырып, әдебиет-көркемөнер кешін ұйымдастырады. Онда искусство шеберлері Толстойдың шығармаларын және Толстойдың сүйетін музыкалық шығармаларын орындайды.

Мемлекеттік музейінің ғылыми Советінің мәжілісі өткізіледі. «Толстой—художник», «Толстой буржуазиялық мәдениет туралы» деген тақырыптарда баяндамалар оқылады. Музей искусство қызметкерлерінің орталық үйімен бірлесіп отырып, әдебиет-көркемөнер кешін ұйымдастырады. Онда искусство шеберлері Толстойдың шығармаларын және Толстойдың сүйетін музыкалық шығармаларын орындайды.

Қалалық Совет депутаттарының есіне

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Советінің атқару комитеті 1 жылғы 31 августа, мәдениет және демалыс паркінің жазғы театрында, кешкі ат 8-де еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің VI сессиясы (төртінші шақырылуы) шақырылатындығын қалалық Совет депутаттарының есіне салады.

Қалалық Совет атқам.

қезектесіп баратын болған. Жаңағы қызмелшілер түскі үзілістен қайтқан болып шықты.

Қырмандағылардың бәрінің қыймыл-шашна. Дәл орталықта «қырманның күшті мен» дегендей зернопулт — тұр. Жұрттың көпшілігі соның маңайында. Зернопултке екі адам астық салып, тазартып тұрса, қалғандары оның елеуінен өткен дөңді жыйнап, үйін жатыр. Олар әлгі машинаға дәнді тынымсыз салып, бір

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫҚ

Біздің совхоздың жұмысшылары мен механизаторлары ақмоалықтардың шақыруын қызу қолдай отырып, егін жыйнауды және мемлекетке астық тапсыруды қысқа мерзімде табысты аяқтауға міндеттенген еді. Олар өздерінің бұл міндеттемелерін көзін аяқпен орындауда.

Совхоз коллективі 25 августа дейін мемлекетке астық тапсыру жоспарын 103,3 процент орындап шықты.

Егін жыйнаудың алғашқы күнінен бастап комбайншылар жұмысты өнімді істеді. Социалистік Еңбек Ерлері Мәдібаев, Құлы-

Мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасайық

Партияның XIX съезі колхоздар мен совхоздарда қоғамдық малдың санын онан сабын көбейту, сонымен бірге өнімділігін едәуір арттыру қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің аса маңызды міндеті болып табылады деп көрсетті. Бұл міндеттерді ойдағыдай орындау үшін, ең алдымен, тұрақты жемшөп базасын жасау керек.

Қазақстанның ұлан-байтақ жерлерінде құрғақшылықты дала, шөлейттер мен шөлдер көлемді орын алады. Бұл аудандарда мол өнімді шабындықтар мен жайылымдық участоктерді жасау—республиканың өркендеуі отырған мал шаруашылығын негізінен жақсарту деген сөз.

Шөл далалар мен құрғақшылықты, жазықтарды меңгеру үшін бірқатар колхоздар мен совхоздар көлдете суару әдісін қолдануда. Олар негізінен көктемгі қар-жаңбыр суларын пайдаланады, өзендерге бөгет салады, құдықтар қазады және басқа сол сияқты жұмыстар жүргізеді. Мұнымен бірге, ылғал жыйнаудың неғұрлым арзанға түсетін әдісін—қар тоқтау және қар-жаңбыр суларын тосу, топырақты баптаудың тиісті агротехникалық комплекстің пайдалану арқылы топырақтың ылғалын сақтау шаралары пайдаланылады. Мол өнімді шабындықтар мен жайылымдар жасаудағы аса маңызды міндет дақыл және жабайы шөптерді іріктеп алып, әдейі баулып өсіру болып табылады.

Қазақстанда тәлімі шөптерді өсіру проблемасын шешу өте шұғыл мәселелердің бірі, өйткені малдың жалпы санының үздіксіз өсуімен байланысты жемшөп қажеттігі де арта түседі.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының жемшөп және жайылым институты мен егіншілік

институты республиканың құрғақшылық далалы аймақтарында өсетін көпжылдық дақылдарды іріктеп алды. Көпжылдық жемшөптік дақылдарды сұрапыл табиғи жағдайларда егуге әбден болатындығы ғана емес, сонымен бірге оны өсірудің, агротехникасы да едәуір дәрежеде белгіленіп отыр.

Бұл аймақтарда, өсіруге болатын негізгі көпжылдық жемшөптік дақылдарға жоңышқа, эспарцет, еркекшөп және арпабас сияқты шөптер жатады. Батыс Қазақстанның құрғақшылықты далаларында бірнеше жылдардың ішінде жемшөп және жайылым институтының участоктерінде жоңышқаның орташа өнімі гектарына 10,6 центнер, ал еркекшөп өнімі —10,6, жоңышқа мен еркекшөп аралас егісінң өнімі —15,3 центнерден болды. Семей облысының құрғақшылық, ашық далаларында жоңышқа әр гектардан 14,3 центнерден, жоңышқа мен еркекшөп аралас егісі —14,6 центнерден өнім берді. Солтүстік-батыс Қазақстанның қара қоңыр даласында жоңышқа әр гектардан өнімі 7-18 центнерден, еркекшөп—12-21, жоңышқа мен еркекшөп аралас егісі — 11,5—21,5 центнерден өнім берді.

Сонымен құрғақшылықты далалы жерлерде жоңышқа мен еркекшөптің аралас егісі табиғи шабындыққа қарағанда, жемшөптік пішенді 3-4 есе артық береді. Ал, ерекше құрғақшылық жылдары мұндай аудандарда яғни Ақтөбе облысының оңтүстік бөлегінде, Солтүстік-батыс Қазақстанның далалы жерлерінде, құрғақшылықты далалы жерлердегі шөптің өсуі шабуға келмеген жағдайларда көпжылдық егіс шөптер әр гектардан кемінде 8—10 центнерден пішен береді.

Зор көлемде жүргізілген көпжылдық өндіріс тәжірибелері Қазақстанның құрғақшылық далалы жерлерінде мол өнімді шабындықтар мен жайылымдықтар жасауға мүмкіншілік бар екенін көрсетті. Республиканың жағдайында ентауаулы жемшөптік көпжылдық шөптер деп жоңышқа мен еркекшөптің, эспарцет пен еркекшөптің және жоңышқаның аралас егістерін есептеуге болады. Далалық қоңыр топырақты аудандар мен оңтүстіктің қара қоңыр топырақты жерлерінің далалы аймақтарында ауа райының жағдайына қарай эспарцет пен бидайықтың және жоңышқа мен бидайықтың аралас егістері өнімді неғұрлым көп береді. Бірақ олардың шығымдылығы тұрақты болмайды, өйткені қуаңшылық жылдары бидайық орауға келмей қалады.

Күрделі аралас егіс құрамының тұқымдарын мынадай мөлшердегі араласмақпен ексе едәуір жақсы нәтиже береді: жоңышқа мен эспарцет — 25-30 процент, еркекшөп —40-50 процент. Мұндай араласмақ егіс даласы 3—4 жыл пайдаланатын болған жағдайда қолданылады. Әдетте құрғақшылық далаларда 3 жылдан кейін жоңышқа аралас егістен жойылады да, тек еркекшөп қана қалады.

Жемшөп және жайылым институтының қызметкерлері құрғақшылық далалы жерлерде көпжылдық шөптерді бүркеншіксіз егу бүркеншікті егістен әлде қайда қолайлы екендігін анықтады; жартылай бүркеншікті етіп егу—кейде бүркеншіксіз егуден кем түспейді.

Институттың Жамбылдағы тірек пунктінде тәлімдік құрғақшылық жерлерде жүргізілген тәжірибе жұмыстары егіс алдындағы өңдеу кезінде (культивация) енгізілген органикалық тыңайтқыштың өте пайдалы екендігін көрсетті. Мұндай жағдайда тыңайтқыш енгізудің мөлшері мынадай: үгінді көң әр гектарға 8—10 килограмнан; органикалық минералдық түйіртпекті тыңайтқыш—2 центнерден. Жоңышқа мен еркекшөпті араластырып бірқатарға екенде пішеннің өнімі мынадай болды: тыңайтқыш енгізгенде гектарына—7,3 центнерден, тыңайтқыш енгізбегенде—6 центнерден. Еркекшөп пен жоңышқаны жеке-жеке қатарлап

астықты тазалау, оны дайындау пункттеріне тасу жұмысын күні-түні бірдей ұйымдастырды.

Совхоз коллективі бұл алғашқы табысқа масаттанбайды. Жұмысшылар мен механизаторлар егін жыйнауды 1 сентябрьге дейін аяқтауды және мемлекетке жоспардан тыс 25 мың центнер астық тапсыруға ұйғарып отыр.

И. ЗАКИРЧЕНКО, Киров-астық совхозының партия бюросының секретары.

астық дайындау жұмыстарында механика күштерін тиімді пайдаланып, астық тапсыруды 5 сентябрьге дейін толық аяқтауды, мемлекетке жоспардан тыс 50 мың пұт астық өткізуді көздеп отыр.

М. ПАШНЕВ, Совет совхозының № 2 бөлімшесінің меңгерушісі.

КЕЛЕСІ ЖЫЛҒЫ ЕГІННІҢ ҚАМЫ

Приешім ауданындағы «Талапкер» ауылшаруашылық артелинің мүшелері келесі жылғы егіннің қамын көзінде бастап ойлап, зяб жұрту жұмысын ұйымшылдықпен жүргізуде. Колхозшылар бұл жұмыста Ленин атындағы МТС-тің механизаторлары зор көмек көрсетуде. Егін даласында екі қуатты дизель және бір «НАТИ» тракторы істеп жұр.

Көзінді өзінде 400 гектардан астам зяб жұртылды.

Дизель тракторын жүргізуші Зейнолла Қашеев және Сәдуа Тайыров қажырлы еңбегімен ерекше көзге түсуде. Олардың әрқайсысы өз еменаларында 10—11 гектардан жер жұртады.

Р. УӘЛИЕВ,

астықты газалау, оны дайындау пункттеріне тасу жұмысын күні-түні бірдей ұйымдастырды.

Совхоз коллективі бұл алғашқы табысқа масаттанбайды. Жұмысшылар мен механизаторлар егін жыйнауды 1 сентябрьге дейін аяқтауды және мемлекетке жоспардан тыс 25 мың центнер астық тапсыруға ұйғарып отыр.

И. ЗАКИРЧЕНКО, Киров-астық совхозының партия бюросының секретары.

астықты газалау, оны дайындау пункттеріне тасу жұмысын күні-түні бірдей ұйымдастырды.

Совхоз коллективі бұл алғашқы табысқа масаттанбайды. Жұмысшылар мен механизаторлар егін жыйнауды 1 сентябрьге дейін аяқтауды және мемлекетке жоспардан тыс 25 мың центнер астық тапсыруға ұйғарып отыр.

И. ЗАКИРЧЕНКО, Киров-астық совхозының партия бюросының секретары.

Киров-астық совхозының партия бюросының секретары.

ді шабындықтар мен жайылымдықтар жасауға мүмкіншілік бар екенін көрсетті. Республиканың жағдайында ентауаулы жемшөптік көпжылдық шөптер деп жоңышқа мен еркекшөптің, эспарцет пен еркекшөптің және жоңышқаның аралас егістерін есептеуге болады. Далалық қоңыр топырақты аудандар мен оңтүстіктің қара қоңыр топырақты жерлерінің далалы аймақтарында ауа райының жағдайына қарай эспарцет пен бидайықтың және жоңышқа мен бидайықтың аралас егістері өнімді неғұрлым көп береді. Бірақ олардың шығымдылығы тұрақты болмайды, өйткені қуаңшылық жылдары бидайық орауға келмей қалады.

Күрделі аралас егіс құрамының тұқымдарын мынадай мөлшердегі араласмақпен ексе едәуір жақсы нәтиже береді: жоңышқа мен эспарцет — 25-30 процент, еркекшөп —40-50 процент. Мұндай араласмақ егіс даласы 3—4 жыл пайдаланатын болған жағдайда қолданылады. Әдетте құрғақшылық далаларда 3 жылдан кейін жоңышқа аралас егістен жойылады да, тек еркекшөп қана қалады.

Жемшөп және жайылым институтының қызметкерлері құрғақшылық далалы жерлерде көпжылдық шөптерді бүркеншіксіз егу бүркеншікті егістен әлде қайда қолайлы екендігін анықтады; жартылай бүркеншікті етіп егу—кейде бүркеншіксіз егуден кем түспейді.

Институттың Жамбылдағы тірек пунктінде тәлімдік құрғақшылық жерлерде жүргізілген тәжірибе жұмыстары егіс алдындағы өңдеу кезінде (культивация) енгізілген органикалық тыңайтқыштың өте пайдалы екендігін көрсетті. Мұндай жағдайда тыңайтқыш енгізудің мөлшері мынадай: үгінді көң әр гектарға 8—10 килограмнан; органикалық минералдық түйіртпекті тыңайтқыш—2 центнерден. Жоңышқа мен еркекшөпті араластырып бірқатарға екенде пішеннің өнімі мынадай болды: тыңайтқыш енгізгенде гектарына—7,3 центнерден, тыңайтқыш енгізбегенде—6 центнерден. Еркекшөп пен жоңышқаны жеке-жеке қатарлап

еккенде пішен өнімі мынадай болды: тыңайтқыш енгізгенде—8,5 центнерден, тыңайтқыш енгізбегенде—6,4 центнерден.

Органикалық және органикалық-минералдық түйіртпекті тыңайтқыштар өте жақсы нәтиже береді. Егіс алдындағы культивация кезінде енгізілген мұндай тыңайтқыштар топырақтың коректік режимін жақсартып, топырақ қабыршағының зиянды әсерін кемітеді.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибелері мен алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың практикасы мынаны көрсетеді: агротехника дұрыс қолданылса, барлық аймақтарда біржылдық шөптерден мол өнім алуға мүмкіндік бар. Мысалы Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарындағы суармалы жерлерде шөптердің түріне және өсіру жағдайына қарай әр гектардан 200 центнерден 500 центнерге дейін көкшөп немесе 40 центнерден 130 центнерге дейін құрғақ пішен алуға болады.

Бұл облыстардың тәлімі жерлерінде ерекше құрғақшылық жылдары біржылдық шөптерден алынатын көкшөптің өнімі 60 центнерге дейін жетеді (немесе 14 центнер құрғақ пішен), ал неғұрлым қолайлы жылдары —230 центнерге дейін өнім алуға болады.

Қостанай облысының далалық бөлегінде біржылдық бұршақты-шырмауықты-сұлылы шөптердің, жоғаттық арпалық шөптердің аралас егісі агротехниканы дұрыс қолданған жағдайда гектарына 40-70 центнерден өнім береді.

1952 жылы жемшөп және жайылым институты Алматы облысының колхоздарына шөлейт жерлердегі жайылым участоктерінде 4 мың гектар жерге көпжылдық шөп егуге көмектесті. Көзір ол жерлерден мол өнім алынууда. Быйылғы жылы бұл облыстағы Іле МТС-нің өзі жайылым участоктерінде 3.000 гектардан аса жерді шөп егуге әзірлеп отыр.

А. ЛУКАШЕВ, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Коммунистер астық үшін күресте

Егін жыйнау мен астық дайындаудың алғашқы күндерінен-ақ «Совет» колхозының коммунистері мен комсомолдері алаған міндеттемелерін және партия ұйымының тапсырмасын бұлжытпай орындауда. Мәселен, партия мүшесі Д. Айтышев жолдас № 2 егіс бригадасының бригадирі болып істейді. Ол бригада мүшелерінің социалистік жарысқа ұштарысын ұйымдастырып, еңбек ұйымдастыру ісін жақсартты. Бригада егін ору және мемлекетке астық тапсыру жөніндегі күндіз, бескүндік тапсырмаларды артығымен орындап келеді. Бригаданың қырманда астық тазалау жұмысы механикаландырылған.

